

БЕКІТЕМІН:

«Қарауылкелді» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:
З.С.Жұмбаева



КЕЛІСЕМІН:

«Қарауылкелді» бөбекжай-
балабақшасының әдіскері:
Г.Н.Абишева

«Бәрін білгім келеді»

*(Мнемотехника тәсілі бойынша балалардың
қызығушылығына
арналған вариативтік компонент)*

Ересек топ

Тәрбиеші: Калиева М

2023-2024 ж

Түсініктеме

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялын дамыту жұмыстарын жүргізуге байланысты Ересек тобына коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша «МНЕМОТЕХНИКА» тәсілімен «Бәрін білгім келеді» тақырыбында вариативтік компонент алынды. Бағдарлама аптасына 1 рет жүргізіледі. 36 сағат берілген. Ондағы басты мақсат сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ҮІӨ ары карай дамыту, байланыстырып оқыту мақсатында негізделді. Балалардың сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиеттен алған білімдерін осы бағдарламада жалғастырып, ертегілердің, такпақтардың, әңгімелердің маңызын, мазмұнын балаларға айтып, көрсету арқылы жүзеге асыру. Сондай-ак балалардың көз карасын, олардың қоршаған ортамен байланысын, дүние танымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Тәрбиешімен бірлескен шығармашылық барысында қабілетті, мектепке дейінгі бала тұлғасын дамытуға мүмкіндік туады. Ұлы педагог А. Сухомлинский: «Скрипка ұстаған адам жамандық жасай алмайды» - дегенді жиі қайталаған. Олай болса, театр мен көркем өнер арқылы бала көкірегіне сондай скрипка ұялатып, оны ойната білу педагогтің басты міндеті болмақ.

Мақсаты:Сахналық қойылымдар, тәрбиелік мәнді әңгімелер, такпақтар арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту

Міндеттері:

- 1.Ертегі мазмұнын сахналау арқылы 4 жастағы балалардың тіл байлығын жетілдіру;
- 2.Дауыс ырғағы арқылы кейіпкерлерінің мінез-құлықтарын көрсете білуге үйрету;
- 3.Өр-түрлі рөлдерге ойнай білу қызығушылығын дамыту;
- 4.Басқа балалармен ұжымдық қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру;
5. 4 жастағы балаларды сахна мәдениетіне тәрбиелеу.

Мазмұны:

- Бір-бірімен қарым-қатынасқа түсетін 2-3 рөлдік қойылымдарға қатысу
- Балалардың арман, қиялдарын дамытатын көріністер
- Көркемдік образдық бейнелеу құралдарын: екпін, ым,ишара, жүріс-тұрысты пайдалану
- Ертегілер мен әдеби шығармаларды сахналау

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Сағат саны | Мерзімі |
|----|----------------------------|---|------------|---------|
| 1 | Театр әлемі | Балаларға театр сөзінің мағынасын түсіндіру. Сахна деген не? Кейіпкерлерді сахналау деген не? Сөйлеу мәнері, іс- қимылдар туралы түсінік беру. | 1 | 06.09 |
| 2 | Театр әлеміне саяхат | Ертегідегі кейіпкерлерін жасау. Балалардың шығармашылығын дамыту. Әр затқа сипаттама беруге үйрету. | 1 | 13.09 |
| 3 | Жақсы сөз жарым ырыс. | Балаларды жақсы істерге, жақсы сөздер айтуға, жақсылық жасай білуге тәрбиелеу. Өзара жақсы қарым- қатынас жасай білуге үйрету | 1 | 20.09 |
| 4 | Достар ертегісі | Ертегі желісін мнемотехника тәсілі арқылы түсіндіру.Ертегіні сахналауды үйрету. | 1 | 27.09 |
| 5 | Баланың айласы | Балаларға ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіру. Жақсылық пен жамандықты ажырата білуге үйрету. Берілген рольді қызығушылықпен орындау қабілеттерін жетілдіру. | 1 | 04.10 |
| 6 | Екі лақ | Балаларды ертегі арқылы батылдыққа, тапқырлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Ертегіні сахналай білуге үйрету | 1 | 11.10 |
| 7 | Қуыршақтар | Балалармен өздерінің ойыншықтары, қуыршақтары туралы әңгімелесе отырып, балаларды әдептілікке, тазалыққа үйрету. | 1 | 17.10 |
| 8 | Қайдан келдің бауырсақ | Балалардың нан туралы түсінік беру. Сурет бойынша ертегінің мазмұнын әңгімелеу. Нанды қадірлеуге тәрбиелеу. Балалың сөйлеу мәнерін қалыптастыру | | 01.11 |
| 9 | «Қайырымды қоян». (ертегі) | Ертегіні балаларға түсіндіре отырып, қайырымдылыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Бала мен қоян арасындағы достықты үлгі ете отырып, достыққа адал болу қажеттігін түсіндіру. | 1 | 08.11 |
| 10 | Аласқан құмырсқа | Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру.. | 1 | 15.11 |
| 11 | «Ойыншықтар» Н. Әлімқұлов. | Өлең жолдарыш мнемокесте арқылы мәнерлеп оқып , түсіндіру. Есте сақтауға үйрету.Кесте бойынша өлең жолдарын жаттау | 1 | 22.11 |
| 12 | «Үш аю» ертегісі | Мнемотехника әдісі бойынша ертегі желісін графикалық суреттер көмегімен түсіндіру. | 1 | 29.11 |

| | | | | |
|----|--|---|---|-------|
| 13 | Жеті лақ. | Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету. | 1 | 06.12 |
| 14 | Екі сараң қонжық | : Ертегінің мазмұны мен тақырыбының арасындағы байланысты көруге баулу. Ой - өрісін, ойлау қабілетін, тіл байлығын дамыту. | 1 | 13.12 |
| 15 | Онға дейін санай білетін лақ ертегісі. | Балаларды достыққа тәрбиелеу. Есте сақтау қабілет терін, диалогты сөйлеуге үйрету. Ертегіні рөлге бөліп ойнауға үйрету. | 1 | 20.12 |
| 16 | «Қызыл телпек» | Кейіпкерлердің іс-әрекетін, дауыс ырғағын бере білуге үйрету. Өзін-өзі көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттерін танытуға тәрбиелеу. | 1 | 27.12 |
| 17 | Қоянның үйі | Балалардың ой өрісін ертегі айту арқылы дамыту, байланыстырып сөйлеуді, тіл байлықтарын толықтыру. Ертегіні рөлге бөліп ойнауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 | 10.01 |
| 18 | Түлкі мен ешкі | Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту | 1 | 17.01 |
| 19 | Мақтаншақ қоян. | Балаларды ертегі мазмұнын мәнерлеп айтуға және диалогты сөйлеуге үйрету. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл - қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Қолданылатын көрнекіліктер: АКТ, ертегі мазмұнын бейнелейтін суреттер | 1 | 24.01 |
| 20 | «Қолғап» украин халық ертегісі. | Балаларға ертегі мазмұны туралы түсінік беру, ертегідегі кейіпкерлердің дауысын салуға үйрету. | 1 | 31.01 |
| 21 | «Аяз ата сиқыры» ертегісі | Театрландырылған әрекеттің басқа жұмыс түрі: саусак театры арқылы сахналауға үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту. | | 07.02 |
| 22 | «Дәрігер Айболит» ертегі. | Балаларды мейірімдікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынасын білдіруге талаптан дыруды жалғастыру. Жануарларға қамқорлыққа тәрбиелеу. | 1 | 14.02 |
| 23 | «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі | Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Ертегі желісін ретімен орындауды жетілдіру. Дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. | 1 | 21.02 |

| | | | | |
|----|--|--|---|-------|
| 24 | «Қияр мен капуста» ертегісі | Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстауға жаттықтыру. | 1 | 27.02 |
| 25 | «Бидай мен қаңбақ» А.Токмағанбетов | Өлеңді мәнерлеп оқи отырып, қазақ халқының ежелден келе жатқан кәсіби егін өсіру туралы мағлұмат беру. | 1 | 06.03 |
| 26 | «Қайырымды бала» Б.Данабеков | Қайырымдылық, имандылық туралы түсінік беру, балалардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату. Өз халқының салт дәстүрінде негізделген адамдық асыл қасиеттерді ажырата біліп игеруге баулу. Қайырымды болуға тәрбиелеу. | 1 | 13.03 |
| 27 | «Арыстан мен тышқан» (латыш ертегісі) | «Арыстан мен тышқан» ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні оқып беру, тіл байлықтарын молайту, қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Арыстан мен тышқанның айырмашылығын айту. | 1 | 20.03 |
| 28 | «Қияр мен капуста» ертегісі | Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстауға жаттықтыру. | 1 | 27.03 |
| 29 | Гүл туралы аңыз. Мнемотехника тәсілімен | Ертегінің мазмұнымен, кейіпкерлерімен таныстыру, ертегіні тыңдауға, ертегі бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. | 1 | 03.04 |
| 30 | Қайдан келдің бауырсақ | Графикалық сурет бойынша ертегінің мазмұнын мнемотехника тәсілі арқылы айта отырып, өлең жолдарын жаттау. Баланың сөйлеу мәнерін қалыптастыру | 1 | 10.04 |
| 31 | Тақпақ айта білемін Мнемотехника тәсілі | Балалардың жаттаған тақпақтарын мнемотехника тәсілімен қайталап тексеру. | 1 | 17.04 |
| 32 | Еңбек, бәрін жеңбек. | Балаларға еңбек туралы мақал-мәтелдер үйрету. Мақал-мәтелді мнемотехника тәсілі арқылы жаттау. | 1 | 24.04 |
| 33 | Біз бақытты баламыз | Бақыт, қуаныш, сүйіспеншілік құндылықтарының мағынасын түсіндіру. Балалардың дүниетан-ымын, ой-өрісін дамыту. | 1 | 05.05 |
| 34 | Орман дәрігері. Ертегі. | Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, ағаштардың адам өміріне тигізетін пайдасын түсіндіру. Ертегідегі құстардың ақылдылығын айта отырып, баланы адал, ақылды, қайырымды болуға, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу. | 1 | 15.05 |

| | | | | |
|----|----------------------|--|---|-------|
| 35 | «Нан қайдан шығады?» | Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, бидайдан нан шығатыны жайында, нан дастарханға жеткенше қаншама еңбек жасалатынын түсіндіру. Үлкендердің еңбегін құрметтеп, нанды ысырап етпеуге, бағалай білуге тәрбиелеу.. Күзгі еңбек түрлерін атау. | | 22.05 |
| 36 | Ертегі еліне саяхат. | Айналадағы заттардың көлемін, формасын тікелей бақылата отырып меңгерту, логикалық ойындар. Өздігімен жұмыс істеуге машықтандыру, ойнау қабілетін, байқампаздығын, сабаққа қызығушылығын дамыту, өздігінен талдау жасауға үйрету. | 1 | 29.05 |

Қолданылған әдебиеттер

1. Аймағанбетова Қ. « Мен және бәрі, бәрі, бәрі» , «Аруна» баспасы 2014 ж .
2. «Бала мен балабақша» Алматы. Педагогикалық журнал №7.2018ж
3. Елубаев. А.Е. «Балаларға базарлық» Алматы кітап 2011ж
4. Кежек Ысқақ «Сырымды айтам деп, шынды айттым...» Алматы баспасы
5. Назарбаева. С.А. «Өзін - өзі тану»
6. Орынбаева. Ә.Т. «Сүйікті сиқырлы ертегілер»
7. Отетілеуұлы Ермек «Әдептілік әдемілік»
8. «Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет» пәндерінде шағын орталық топтарына арналған дидактикалық материалдар.

Бекіткен
«Қарауылжелді» бобекжай-
балбақшасының директоры
Т. Серікбаева



Келісемін:
«Қарауылжелді» бобекжай-
балбақшасы» әліскері
Абишева Г.Н.Абишева

«Ойна да ойла»
Вариативтік компонент ортаңғы топ

Тәрбиешілер Турегалиева Л Х
Серікбаева А.Б

2023-2024 жж

Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанған оты. Ойынсыз, музыкасыз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды.

В.М. Сухомлинский

Түсінік хат

Ойын – баланың өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзін қоршаған ортаны, айналасындағы құбылыстар мен заттарды ойын арқылы түсініп, ұғынады. Алайда дұрыс ұйымдастырылған ойын ғана тиісті, қалағанындай нәтиже бере алады. Ойын мектепке дейінгі тәрбиешілердің бірден бір көмекшісі десекте болады.

Дидактикалық ойын – оның аты айтып тұрғанындай, баланың ақыл – ойын дамытып, таным түсініктерін ажыратудағы әдістердің бірі. Ойын арқылы оқыту – мектеп жасына дейінгі кезеңнің негізгі ерекшелігі. Бала әрбір затты ұстап, дәмін татып, сан рет байқап көреді. Балабақшада бала психикасының дамуына ойын әрекеті шешуші роль атқаратындығы туралы белгілі ғалымдар Ж:Аймауытов, М:Жұмабаев, Ш:Құдайбердіұлы, С:Торайғыровт.б.өз еңбектерінде айтып кеткен.

Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның алар орны жөнінде қазақстандық ғалым Н:Құлжанова да зерттеген.

Педагогикада дидактикалық ойындарға былай аныққтама берілген: дидактикалық ойындар дегеніміз – балаларға белгілі бір білім беріп, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру мақсатын көздейтін іс – әрекет.

Мақсаты: Дидактикалық ойындар арқылы балалардың білім және білік дағдыларын қалыптастыру.

| | | | | | |
|---------------------------|---|--|--|--|------------|
| | | | орташа кәрзенкеге, ал үлкен алмаларды үлкен кәрзенкеге салуларын керек» -деп ортаға 3 баланы шығарады, алмаларды үзуді тапсырады. Ойын аяқталған соң алмалар қайтадан орнына ілініп, ойын әрі қарай жалғасады | үлкен, орташа, кішкентай, картоннан қырқылған алма және алма ілінген ағаштар | |
| «Үлкен-кіші» | 1 | Түстер туралы білімдерін бекіту, заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету. Үлкен-кіші, ұқсас емес деген сөздерді қолдана отырып, зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамыту | Әр түрлі көлемдегі ойыншықтар мен жануарлардың суреттерін атай отырып көлемдерін ажыратады | Ойыншықтар мен жануарлар суреттері | 12.10.2023 |
| «Түсіне қарай таңда» | 1 | Түстер туралы ұғымдарын кеңейту, ойынға қызығушылығын арттыру | «Балалар, бүгін біз «Түсіне қарай таңда» ойынын ойнаймыз. Сендердің қолдарыңда түрлі түсті бөліктері бар кілемшелер бар. Қараңдаршы, қандай әдемі ойыншық» -деп көк машинаны көрсетеді. Бұл көк түсті машина. Ал мынау не? -кызыл түсті машина. Бұлардың айырмашылығы неде? (түстерінде) Ал енді кілемшенің ұяшықтарына түстері сәйкес келетін ойыншықтарды таңдаңдар-деп балаларға тапсырма береді. Енді біздің машиналарымыз кілемшелерге жасырынып қалды деп, ойынды әрі қарай жалғастырады | 30x20 см картон кілемше 6-бөлікке бөлінген. Бөліктері 10x10 см | 19.10.2023 |
| «Сипаттамасы бойынша тап» | 1 | Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту | Сереге аю, қоян, қасқыр, түлкі т.с.с 5-6 ойыншықтар қояды. Әрбір ойыншықтарды анықтап қарап, атын қайталайды. Балалардың біреуін бөлмеден шығарып, ойыншықтар туралы жұмбақтар құрастырады. Мыс.: «Ұзын құлақ, қыли көз, қысқа құйрық» -бұл қай аң? Жұмбақтарды құрастырып болған соң, баланы шақырады. Егер ол жұмбақты дұрыс шеше алмаса, қолына сол ойыншық беріледі де, жұмбақ қайта айтылады. | Жануарларды бейнелейтін ойыншықтар | 26.10.2023 |
| «Түрлі түсті сарафан» | 1 | Балаларға түстердің өзгеруін көрсету арқылы, бір түстен екінші түске көшу және | Балаларға айналмалы тұғыр және әр түсті қағаздан қырқылған дөңгелек пішіндер | Орамал мен сарафаны бар қыздың бейнесі орналастырылды | 2.11.2023 |

| | | | | | |
|-------------------------------|---|---|--|---|------------|
| | | түстер арасындағы байланысқа назар аударту | таратылады. Тәрбиеші: «Балалар, бүгін бізге көңілді биші қыз қонаққа келді. Қараңдаршы оның үстіндегі сары түсті сарафаны қандай әдемі! Қуыршақтың бұдан басқа да түрлі- түсті сарафаны өте көп екен» -деп қағаздан қыркылған дөңгелектерді көрсетеді. Балалар бұл сарафандар жәй сарафан емес, сиқырлы сарафан екен, ол билеп кетсе болғаны сары-жасылға, қызыл-күлгінге айналады екен деп тұғырды айналдыра отырып көрсетеді | ан тұғыр, диаметрі 4.5 см қызыл, сары, көк түсті қыркылған дөңгелектер | |
| «Таныс пішіндер доминосы» | 1 | Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру | Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді | Пішіндер бейнеленген суреттер | 9.11.2023 |
| «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» | 1 | Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру | Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. Әдемі бантиктермен қуыршақтың шашын әсемдеу | Ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар | 16.11.2023 |
| «Әдемі пішіндер» ойыны | 1 | Баланың шығармашылық іздену іс-әрекетін белсендіру, фантазиясын дамыту, геометриялық пішіндерден түрлі бейнелер құрай білуге үйрету | Ойын үшін алдын ала геометриялық пішіндер жинағы дайындалады. Тәрбиешілер балаларға геометриялық пішіндерден түрлі заттар бейнесін жасауды сұрайды, мысалы, геометриялық пішіннен жануар бейнесін жасайды. | Геометриялық пішіндер үшбұрыш, төрт бұрыш, дөңгелек, сопақша | 23.11.2023 |
| «Суретті тіз» | 1 | Сөздегі бірінші дыбысты анықтап үйрету | Тәрбиеші балалардың алдына суреттерді қояды да атайды. Сосын оларды бірінші дыбысын есітуіне қарай топтастыруын сұрайды. Мыс. : с-сабын, сүлгі, сурет, сиыр, сары мсақ п-пальто, піл, пияз, парақ, парта т.б | Әр түрлі дыбыстан басталатын заттық суреттер. Әр дыбысқа бірнеше суреттер | 30.11.2023 |
| «Кім не жейді?» | 1 | Логикалық ойлауды, сөйлеуді, талғамды, байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту | Өсімдіктер мен жануарлары бар картшкелер жинағын дайындайды. М/ы: шөп-қоян-қасқыр: шаян-балық-итбалық-ақ аю: шырша бүршігі-тиін-сусар: өсімдік (шырын)-көбелек-бақа- | Өсімдіктер мен жануарлар бейнеленген суреттер | 7.12.2023 |

| | | | | | |
|-----------------------------|---|--|--|--|------------|
| | | | құтан және т.б. Балаларға көртішкелер таратылады. (көртішкелерді лайықты суреттермен бетперделермен ауыстыруға болады) | | |
| «Шыршаны безендіремі» | 1 | Түстеріне қарай топтастыруға үйрету | Балаларға шырша ойыншықтарының силуэттері таратылады. Мольбертке шырша бейнесі бейнеленген планшет орналастырылады. Тәрбиеші: -«Балалар жақында бізде жаңа жыл мерекесі келе жатыр. Соған біз шыршамызды түрлі түсті ойыншықтармен безендіріп қояйық»-деп ұсыныс тастайды. Әрқайсыларының қолдарында белгілі бір түсті ойыншықтары бар, мен қазір бір түсті атаймын, сол түс кім де бар, сол бала шыршаға келіп ойыншықты іледі. Бірінші қызыл түс, сонан соң сарғылт, сары, жасыл, көк, көгілдір т.с.с | Планшет 30x50 шырша бейнеленген. Түрлі түсті қағаздан қырылған 2 шт шырша ойыншықтары | 14.12.2023 |
| «Апта күндері» | 1 | Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету | Арнайы дайындалған карточканы көрсетіп, таныстыру. Апта күндерін атау, карточканы таратып беру. Тақтаға шыққан бала карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек. Тәрбиеші бұйрығымен, «дүйсенбі» бір адым алдыға десе, тұрып қалмай алдыға шығу керек. Бұдан соң балалар кезекпен ауысып тақтаға шығады | Апта күндерін шартты түрде белгілейтін 1-ден 7-ге дейін дөңгелектермен дайындалған карточка | 21.12.2023 |
| «Сипатына қарай шешуін тап» | 1 | Заттарды қасиетіне қарай айыра білуге тәрбиелей отырып, байқампаздыққа баулу | Тәрбиеші суреттер көрсетеді. М/ы: ақшақардың суреті – «Балалар сендердің алдарында ақшақардың суреті бейнеленген көртішкелер бар. Бір қарағанда олардың бәрі бірдей сияқты, бірақ анықтап қарасандар оларда өзгешеліктер бар. Осыған байланысты сендерді суреттегі ұқсастықтар мен өзгешеліктерді байқап тез анықтауға шақырамын». Ақшақардың бетінде қандай өзгірістер бар? -екі көзі, бір қызыл мұрыны бар -бастарында ше? -біреуінде шелек, екіншісінде кастрюль -қолдарында қандай өзгерістер көріп тұрсындар? | Заттық суреттер: ақшақарлар, жиналмалы қуыршақтар, жаппайтын қуыршақтар, көбелектер, аюлар, біркелкі мөлшерде әртүрлі өзгерістерімен | 28.12.2023 |

| | | | | | |
|--------------------------------|---|---|--|---|------------|
| | | | - сыпырғыш, күрек, таяқшалар біреуінде оң, ал екіншісінде сол қолдарында -түймелері нешеу? -үш, төрт т/б | | |
| «Түрлі түсті моншақтарды тізу» | 1 | Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету | Қонаққа қуыршақ немесе аю келеді, өзімен бірге моншақтарды әкеліп, әдемі моншақ жасауға көмектесулерін сұрайды. Тәрбиеші екі түсті моншақты қолына ұстай отырып, бірінші қызыл, сонан соң ақ моншақты тіземіз –деп көрсете отырып балалардың орындауларын қадағалап отырады | Ақтүсті -8 қызыл түсті - 8 моншақтар, диаметрі-2 см. Жіптер және қорапшалар | 4.01.2024 |
| «Исі бойынша анықта» ойыны | 1 | Сезім түйсігін, қоршаған ортаға қызығушылығын дамыту | Тәрбиеші баланың көзін танып байлап, табаққа кезекпен түрлі жемістер мен көкөністерді салады, мысалы: алма, лимон, пияз, қызылша, сәбіз және т.б. Бала бұл қандай жеміс немесе көкөніс екенін исі бойынша анықтап, оларды атайды | Жеміс-жидектер | 11.01.2024 |
| «Гараждар» | 1 | Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту, жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету | Ойынның мазмұны: балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдерді таратып беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. «Көліктеріңді гараждарыңа апарып қойыңдар» - деген кезде, рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалады | Бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар | 18.01.2024 |
| «Кімге не керек» | 1 | Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету | Тәрбиеші тақтаға әр түрлі мамандық иелерінің суретін орналастырады. Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген кәртішкелер. Тәрбиеші осы бейнеленген кәртішкелерді сәйкестендіріп, өз мамандық иелерінің қасына орналастыру керектігін түсіндіреді. М/ы: тігіншіге-ине, құрылысшыға-қалақ, мұғалімге-кітап т.б | Әртүрлі мамандыққа қажетті құрал-жабдықтар бейнеленген карточкалар | 25.01.2024 |
| «Бұлар нелер?» | 1 | Әрбір үй жануарларының төлдерінің аттары мен жабайы жануарлардың аттарын үйрету | Балаларға суреттер көрсету арқылы олардың атауларын, немен қоректенетінін, тіршілігін айту. М/ы: мысық-сүт-үй жануары, қасқыр-ет-жабайы аң т/б | Үй және жабайы жануарлар суреттері | 1.02.2024 |

| | | | | | |
|-----------------------------------|---|---|--|---|------------|
| «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда» | 1 | Түстер туралы ұғымдарын кеңейту | Тәрбиеші қызыл, жасыл, сары түсті ыдыстарды полотноға орналастырып былай деп әңгімелейді: Дүкенге алдымен тәрелкелерді әкелді. Дүкеншілер оларды сөрелерге орналастырды. Жоғарғы сөреге сары түсті, ортаңғы сөреге жасыл түсті, төменгі сөреге қызыл түсті тәрелкелерді орналастырды. Балаларға сұрақ қойып қайталады. Сонан соң кеселерді әкелді. Қане, балалар дүкеншілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне қарай орналастыруға көмектесейікші-деп балаларды ойынға шақырады. | Картоннан қырқылып полотноға орналастырылған әр түсті кеселер мен тәрелкелер | 8.02.2024 |
| «Қане, сөйлесейік» ойыны | 1 | Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік сезімдерін арттыра отырып, қуанышты көңіл-күй сыйлау, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру | Тәрбиеші нақты тақырыпты таңдайды. Мысалы, ананың туған күніне сыйлық таңдау. Тақтада әр түрлі сыйлықтар орналастырылған. Тәрбиеші балаларға осы тақырыпқа байланысты сұрақтар қояды: -Бүгін сендердің аналарыңның туған күні делік, сен анаңа не сыйлар едің? - Сен неліктен осы сыйлықты таңдадың? - Бұл затпен не істеуге болады, сен қалай ойлайсың? | Гүл, күн, ыдыстар, шаңсорғыш, еттартқыш, жихаздар т/б | 15.02.2024 |
| Жыл мезгілі | 1 | Балалардың тілін дамыта отырып, байқампаздыққа баулу. Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін ажырату | Мольбертте 4 жыл мезгілінің суреті орналастырылған. Балаларға 4 жыл мезгіліне байланысты табиғат құбылыстары бейнеленген кәртішкелер таратылып беріледі. Тәрбиешінің сұрағына байланысты қай зат қай мезгілде қолданылады, кәртішкелерді соған сәйкес орналастырады | Табиғат құбылыстары бейнеленген кәртішкелер | 22.02.2024 |
| «Әркімге өз үйі» | 1 | Қолмен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсамоторлық кеңістікті «көз», «қол» үйлесімділігін дамыту. Түстерді ажыратуға үйрету | Балаларға аңдардың суретін көрсетіп сұрау: -Сендер мына аңдарды білесіңдер ме? -Аңдарға үйлерін табуға көмектесеміз бе?- деп дайын үйлер терезесіне бейнеленген аңдарды орналастырады | 6-түсті (қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр, қызылсары) үй және аңдардың (қоян, қасқыр, аю, түлкі, кірпі, тышқан) суреттері | 29.02.2024 |

| | | | | | |
|---------------------------|----------|--|---|---|-------------------|
| <p>«Әр құсқа өз орны»</p> | <p>1</p> | <p>Суда жүзетін,жыртқыш және батпақта болатын құстар жайлы қысқаша хабарлама жасау</p> | <p>Тәрбиеші таблицадағы құстар жайлы шағын әңгіме тыңдауды ұсына отырып, құстардың аяқтарының құрылымдарына,тұмсықтарына,ерекше назар аударуларын сұрайды. Өйткені бұл сипаттамалар құстардың тіршіліктерінің белгілері болып табылады. Бүркіт туралы әңгіме Бүркіт –жыртқыш құс.Ол құстармен аңдарды аулап өмір сүреді.Ол биікте отырып , жердегі қорегін аңдиды.Ол бүтілген тырнағы мен мықты аяғы және иілген мықты тұмсығы арқылы өз қорегін жібермей ұстайды. Тырна Өзен , көл жағалауындағы батпақтарда өмір сүреді.Оның мойыны,тұмсығы, аяғы ұзын болып келеді. Ол көлдердегі су жәндіктерімен қоректенеді. Қаз Өзен,көлдерде жабайы қаздар болады.Олардың аяқтарының табан асты бұлшық еті болады. Қаздар сондықтан суда тез жүзе алады. Ұзын мойынын суға тығып өз қорегін табады. Сонан соң тәрбиеші балаларды бір-бірлеп қасына шақырады. Әр бала бір суреттен алып бүркіттің,тырнаның немесе қаздың қасына орналастырады. М/ы: жапалақты бүркіттің қасына орналастырдым,өйткені ол да жыртқыш құс т.б</p> | <p>1).9 бөлікке бөлінген таблица,бірінші қатарда:бүркіт, тырна,қаз 2).Құстар бейнеленген суреттер(жапал ақ-жыртқыш құс,тырна батпақта, акку,үйрек-суда жүзетін)</p> | <p>7.03.2024</p> |
| <p>«Дүкен» ойыны</p> | <p>1</p> | <p>Заттарды сипаттай алу, оның бар белгілерін табу, затты сипаттамасына орай тануды дамыту</p> | <p>Тәрбиеші балаларды жартылай шеңбер бойына отырғызып, балаларға айтады: «Бізде жаңа дүкен ашылды. Онда қандай жаңа ойыншықтар бар екенін көрейік. Сендер ойыншық сатып аласыңдар ма? Ол үшін ереже сақтау керек. Ойыншықтың атын атамай, көрсетпей, сипаттап беру керек». Сипаттауға қарай сатушы өзі тауып, алып береді. Қысқа санамақтың көмегімен балалар сатушыны таңдайды. Тәрбиеші ойыншықты</p> | <p>Ойыншықтар, суреттер</p> | <p>14.03.2024</p> |

| | | | | | |
|------------------------------------|---|--|---|--|------------|
| | | | сатып алу ержесін көрсетеді. Тәрбиеші: - «Мен ойыншық сатып алғым келеді. Қоңыр, маймақ аяқ, балды жақсы көреді». Сатушы сатып алушыға ойыншық аюды береді. Ойын барлық қатысушылар өздеріне ойыншық алып болғанға дейін созылады. | | |
| «Мені кім шақырды?» ойыны | 1 | Өз құрбы-құрдастарының дауысын тани білуді дамыту | Балалар шеңбер бойына тұрады, бір балаға шеңберден шығуын сұрайды, бірнеше қадам жерде шеңберге арқасымен тұруы тиіс. Тәрбиеші шеңберден шыққан баланы шақыратын баланы таңдайды. Шыққан бала қайта келіп, кім шақырғанын айтуы керек: - Мені шақырған сен, Ансар. Егер бала дұрыс тауып, бірақ есімін ұмытып қалса, шақырған баладан сұрауына болатындығын тәрбиеші айтып ескертеді. Әдетте балалар ең алдымен саусақпен көрсетеді. Сондықтан тәрбиеші қадағалап, толық жауап беруін талап етуі тиіс | | 21.03.2024 |
| «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» | 1 | Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында- артында ұғымдарын бекіту | Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «Алдында қуыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?» | Кез-келген ойыншықтар немесе суреттері | 28.03.2024 |
| «Үйдің есігін жабайық» | 1 | Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту | Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну. | Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері | 4.04.2024 |
| «Кім есінде көп сақтайды?» | 1 | Көзбен көріп есте сақтауын дамыту | Тәрбиеші балаларға кезекпен бірнеше суреттер көрсетеді, онда әртүрлі заттар бейнеленген. Балалар мұқият қарап, 1-2 минут аралығында есте сақтайды. Содан кейін тәрбиеші суреттерді алып тастайды да, балаларға оларды атау керектігін, яғни кім қайсысын есінде сақтағанын сұрайды. Кім көп атаса, сол – жеңімпаз болады. | Алма, жүзім, банан, өрік т.б жемістердің суреттері | 11.04.2024 |

| | | | | | | |
|----|-------------------------------|---|---|--|--------------------------------------|------------|
| 33 | «Бақша да ма, бау да ма?» | 1 | Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру | Тәрбиеші балаларға жемістер мен көкөністердің суреттерін көрсету арқылы олардың атауларын айтып береді. Сонан соң көкөністердің жерде, жемістердің талда өсетінін түсіндіру арқылы сұрақтар қойып, балалардың ойына қызығушылықпен қатыстырады | Жемістер мен көкөністердің суреттері | 18.04.2024 |
| 34 | «Сыпайы болу» жаттығуы | 1 | Ойлауды, сөйлеуді дамыту, ересектерге және құрдастарына сыпайы қатынас жасауға және өтініш білдіруге үйрету | <p>- Балалар, сиқырлы сөздер бар, яғни олар көңіл-күйді көтеруге көмектеседі. Бүгін біз дұрыс және сыпайы өтініш жасауды үйренеміз.</p> <p>- Сіздің өз құрдасыңызға өтініш білдіргеніңізді елестетейік. Оны қалай жақсартуға болады? Қалай ойлайсыздар?</p> <p>Міндетті түрде атын атап, көзіне қарап, «өтінемін» сөзін ұмытпау керек. Байқап көрелік:</p> <p>- Аңсар, өтінемін, допты маған берші.</p> <p>- Гүлнәр, егер қиын болмаса, ойыншықтарды жинауға көмектесші.</p> <p>- Арай, маған түйемді салуға көмектесші, өтінемін.</p> <p>- Ал, енді көшеде бейтаныс адамнан дүкеннің қайда екенін сұрау керек болса, былай айтуға болады:</p> <p>Ғафу етіңіз, ...</p> <p>Кешіріңіз,</p> <p>Маған көмектесіп жіберіңізші, өтінемін....</p> <p>Жағдайға байланысты бірнеше нұсқаны ойнап көрсету керек.</p> <p>Егер тәрбиешіге, анаңызға немесе ересектердің бірінен сұрағыңыз келсе, ал ол кісі сол сәтте басқа біреумен сөйлесіп отырса, не істеуге болады?</p> <p>«Кешіріңіз, өтінемін, сөзіңізді бөлейін, Сізді бола ма?»</p> <p>«Кешіріңіз, Сіздерге кедергі келтіргеніме, сұрақ қойсам бола ма?»</p> <p>Сіздер сыпайылық ережесін және жақындарыңызға қуаныш сыйлауды ұмытпайсыздар деп сенемін.</p> | | 25.04.2024 |
| 35 | «Кім қандай, айтып бер» ойыны | 1 | Жануарлардың ерекше белгілеріне, сыртқы пішініне, әрекеттеріне назар аударуға үйрету | Тәрбиеші балаларға әртүрлі жануарлар бейнеленген суреттерді көрсетіп, қандай жануар екенін, не істей | Жануарлардың суреттері | 16.05.2024 |

| | | | | | | |
|----|----------------------------|---|--|---|-----|------------|
| | | | алатынын айтады. Мысалы: Түлкі, қызыл-сары, өте ку, айлакер. Ол орманда, далада өмір сүреді, тышқан, қоян аулайды. Басқа жануарларға да қатысты сипаттама беріледі | | | |
| 36 | «Түрлі түсті заттар» ойыны | 1 | Түстеріне қарай заттарды топтастыра білуді үйрету | Тәрбиеші балалармен бірге шеңберге тұрады және ойын ережесін түсіндіреді: «Менің қолымда доп бар. Мен бір түсті атаймын да, біреулеріңе допты лақтырамын. Допты кім ұстап алды, сол осы түсті затты атауы керек, содан кейін кез келген түсті атап, тағы біреуге допты лақтырады. Ол қағып алып, затты атайды және т.с.с. Мысалы, «жасыл» (тәрбиеші жасыл түсті заттарды есіне түсіру үшін кішкентай үзіліс береді) және Динаға допты лақтырады. Дина «қияр» деп жауап береді. Дина жауап берген соң, допты келесі ойыншыға «көгілдір» деп лақтырады және т.б. Бір түс бірнеше рет қайталануы мүмкін, себебі бір түсті заттар көп. Ойында тез жауап бере алу керек. | Доп | 23.05.2024 |

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты.
2. мектепке дейінгі балаларды тәрбие мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы.
3. «Балдәурен» бағдарламасы.
4. Л.А. Венгер, Э.Г. Пилюгина «оспитание сенсорный культуры ребенка»
5. В.В. Гербова, Р.А. Иванкова, Р.Г. Казакова «Воспитание детей детского сада»
6. «Шығармашылық дарындылықты дмыту бағдарламасы» Рауан баспасы.